

М.С. Амрина, Н.Б. Смағұлов

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: amrina.minar@mail.ru)***Ақжан Машановтың ғылыми және рухани мұрасы**

Мақала авторлары Ақжан Машановтың тоталитарлық режим жағдайындағы қоғамдық-ғылыми қызметіне объективті баға беруге тырысты. Қиын уақытқа қарамастан, туған халқының болашағы үшін күрескен, көрнекті қазақ ғалымының қызметіне тарихи баға берді. Ақжан Машанов кеңестік Қазақстанда өмір сүріп, тоталитарлық қоғамның күші шырқау шегіне жетіп тұрған уақыттың өзінде де еліміздің маңызды қоғамдық-саяси мәселелеріне келгенде болып жатқан оқиғаларға сергек қарап, өзінің көзқарасын батыл қорғай білген. Қарастырылып отырған дәуірде қазақ халқының тарихы мен мәдениеті жаттанды идеологиялық құрсауда болды. Ақжан Машанов өз басын қатерге тігіп, әл Фарабидің шыққан тегін зерттеп, туып өскен жері бүгінгі қазақ жері екенін дәлелдеп, оның мұраларын түгендеп жүрген уақытта, ұлттық құндылықтан гөрі кеңестік идеология көбірек насихатталған. Ақжан Машанов әл Фарабиді кіндік қаны тамған топырағына жеткізді. Ол өзінің қазақ халқын ерекше сүйді, өз халқына еңбек сіңіру оның ең басты ұстанымы болды. Әл Фарабиді ашудың қиындығына қарамай, бел бууы, ұрпағымен табыстыруы — осының дәлелі. Мақала авторлары Ақжан Машановтың өз заманының қатал тәртібіне, тоталитарлық режимнің зобалаң сипатына қарамастан, туындалған қиыншылықтардан қорықпай, өз халқының болашағы үшін өз өмірін тағдыр тәлкегіне салып, аянбай тер төккенін жан-жақты зерттеді. Сондықтан ғалымның қоғамдық қызметіне объективті түрде баға беру бүгінгі күндегі тарих ғылымының алдындағы өз орны бар маңызды міндеттерінің бірі деп қорытындылайды.

Кілт сөздер: Коммунистік партия, Кеңес Одағы, тоталитарлық, тарих толқынында, Ленинград ісі, дәрігерлер ісі, Ақжан Машанов, әл Фараби, Қаныш Сәтпаев, сталиндік социализм, әміршіл-әкімшілік.

Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан бері отандық тарихты зерттеу жолында көптеген игі істер жасалып жатыр. Соның бірі кеңестік саясат пен коммунистік идеология шеңберінде бұрмаланып жазылып келген төл тарихымыздың «ақтандақ» мәселелерін шындық негізінде қайта жазуға мүмкіндік туды. Қазіргі таңда бұрын зерттеуге тыйым салынған ұлттық тарихтың құндылықтары терең талдау арқылы ой елегінен өткізіліп, өзінің лайықты бағасын алуда. Әкімшіл-әміршіл жүйе жағдайында қалыптасқан тарих ғылымы көп жағдайда ақиқатты бұрмалап, біржақты етіп көрсетіп, соның салдарынан ұшқары пікірлеуге құрылған теориялық қорытындылардың өмірге келуіне себепші болды. Бүгінгі күнде мәселенің жаңаша қойылуы тарихи шындықты дұрыс танып білуге апаратын жолды іздеуді және саналуан тың деректерді кең көлемде тауып, ғылыми айналымға енгізуді қажет етеді.

Соның өзінде де отандық тарихтың әлі де ашылмаған, ақиқаты айтылмаған тұстары көп. Қазақ халқының болашағы жолында күреске толы осындай күрделі кезеңінің бірі ХХ ғасырдың 50–80 жж. болып табылады. 1937–1938 жж. сталиндік жаппай қуғын-сүргінінен кейін қатары қатты сиреп қалған қазақ-ұлттық интеллигенциясы 1950–70 жж. қайтадан қалыптаса бастап, өздерінің тарих алдындағы басты қызметі болып саналатын ұлт мүддесі үшін идеологиялық майданға араласа бастады. Шын мәнінде, қазақ халқы үшін тарих тереңінен бастау алатын, ұлттық болмысын айқындайтын рухани қазынасынан қымбат құндылық жоқ. Болмайды да. Себебі не бір қасаң замандарда «мың өліп, мың тірілгендей» ғұмыр кеше жүріп, халқымыздың өзіндік болмыс-бітімін даралайтын ұлттық рухани құндылықтары қалыптасты. Бұл халық ұғымында ұрпақтан ұрпаққа жететін тарих аманаты болып қала бермекші. Бүгінде өркениеттің ұлы көшіне ерген тәуелсіз Қазақстанның болашағы үшін жанын пида етуден тайынбай «тар жол, тайғақ кешуден» өткен ұлт тұлғаларының есімі — ұрпақ тәрбиесінің басты құралы.

ХХ ғасырдағы коммунистік биліктің өмірге әкелген әміршіл-әкімшілік жүйесі қазақ халқының салт-санасын сан соқпаққа бұрып, жан дүниесін лайлап, білген әрекетін істеп баққанын жақсы білеміз. Кеңестік билік адамның еркін ойлауына, жаттанды қасаң идеологиядан тыс әрекет етуіне қатаң тыйым салды. Ол кезде «бұрын Қазақстанда қала, отырықшылық, мәдениет, мектеп, сауаттылық болмаған барлық жақсылық кеңестік құрылыстың жемісі» деген жаттанды тезиске адамдардың барлығы дерлік сеніп келген еді. Кеңес үкіметі жылдарында үстем еткен тоталитарлық жүйе мен коммунистік идеология еліміздің тарихын саналы түрде бұрмалап, оның мағынасын

«ақтандақтарға» толы етіп, халқымыздың көптеген көрнекті тұлғаларының қоғамдағы орнын тарих бетінен өшіру саясатын жүргізіп келді. Сол кезде тоталитарлық биліктің ырқына көнбей, ғылымға бар ғұмырын арнап, «1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін қазақ халқының тек 2 пайызы ғана сауатты болған» деген жалған кеңестік ғылыми тұжырымға батыл қарсы шығып, қазақ халқының тарихын еуропацентристік көзқарас тұрғысынан зерттелуіне қарсы пікір білдірген Қазақ Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, әрі тұңғыш құрылтайшысы болған ғұлама ғалым, Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген ғылым қайраткері [1] атағының иегері, профессор [2] Ақжан Машанов еді.

Ақжан Машанов өзінің жазған өмірбаянында туып-өскен ортасы жөнінде былай деп баяндайды: «Қарқаралы — менің туған жерім. Ол Қарағанды облысындағы ертедегі мәдени және қоғамдық-саяси орталық болған жер. Сол ауданның қазіргі Нұркен атындағы совхоз жерінде ертедегі аты бойынша Жамантайдың Қарақуысы атты мекенде 1906 жылы күзде дүниеге келсем керек. Әкем Жақсыбек Машанұлы мұсылманша сауатты, жайдары, домбырашы, орта шаруа адам еді. Ол кісі — Машанның ең кенже ұлы [3; 3].

Әкесі Машан болса, жоғарыда айтылған Жамантай (Тұрсын) төренің сенімді серігі және биі болған. Жамантай 1824 ж. Қарқаралы округі құрылғанда дуанбасы, аға сұлтан болып сайланады. Бөкей ханнан нәсілінен шыққан екі төре Жамантай мен Құсбек билікке таласа берген соң бір сайлауда Құнанбайды аға сұлтан сайлаған. Ол кезде Қарқаралы дуанына қараған 22 болыстың жиырмасы қаракесек руы болған. Олардың ел ағасы Қаздауысты Қазыбек би, нәсілі Алшынбай болған. Алшынбай би тобықты руының басшысы Құнанбайға құда болып, Абайға қызын берген. Жамантай мен Құнанбай арасына жүріп, екеуін татуластырған Машан би болса керек. Машан тобықтан қыз алған Құнанбаймен құрдас болған. Кенесары ханға ерген атақты шұбыртпалы Ағыбай батыр мен Машан би дос, пікірлес адамдар екен. Кене ханның туы жығылған соң Ағыбай батыр мен Жамантай ханның арасын жарастырған тағы да сол Машан болған [3; 5].

Осы тұлғалардың бірсыпырасының есімдері тарихта, көркем әдебиетте бар. Белгілі жазушы Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романында деректер мұрағат мәліметтерінен алынған, тарихи шындыққа сүйенген. Ілияс Есенберлин өзінің көркем шығармасы «Қаһарда» Машан биді «Масан» деп көрсетіп, ел қамын жеген, халқының болашағын ойлаған білікті ел басы етіп суреттеп, шығармасына арқау еткен. Қарқаралы дуанының игі жақсылары аға сұлтандар Құспек пен Жамантайға дейін беделді би Машанды ілтипатпен Машекем деп ұрпағына үлгі-өнеге етіп қадір тұтқан. Машан би дүние салғанын естігенде сол төрелердің: «Машан, Машандай ұл туғанша қашан», — деп күңіренгені де, үзеңгілесін еске алған кездерде де осы сөзін әркез жиі қайталағандығынан болар, бүгінде ол ел аузындағы қанатты нақылға айналып кеткен [4; 214].

Ақжанның әкесі Жақсыбек те заманында көзі ашық, көкірегі ояу азамат болған. 60-қа тарта күй шертетін домбырашы адам болған. Күйлерді бір кісідей шебер орындайтын әке өнері, егер қуса, ұлына да қонар ма еді. Кейін «Әл Фараби және музыка» кітабында сол домбыраның қоңыр үні баба қағидасын тереңдеп түйіндеуге жол сілтегендей еді. Ақжан Машанов шығармаларындағы жиі ұшырасатын қазақтың қара өлеңі жолдарындағы образдық құдірет тандандырмай қалмайтын. Бұл әкесінің ағасы ақынжанды Нөгербектің ықпалы болатын. Нөгербек тәлімінің Ақжанның фарабитанушы болып қалыптасуына ықпалы тиген. Құнанбай мен Машан би жарастығы Шәкәрім-Нөгербек сыйластығымен жалғасқан-ды. Олар ең кем дегенде жылына бір рет Қоянды жәрмеңкесінде кездесетін [5; 116].

Нөгербек Қарқаралы қаласына жақын жерде салынған (кейін Ахмет Байтұрсынов ұстаздығын бастаған) Ақтерек мектеп-интернатында Әлихан Бөкейхановпен бірге оқыған. Кейін Әлихандай білім қуып кете алмаса да көкірегі ояу, зерделі адам Нөгербектің Шәкәріммен досжарандығы, Ақжан өскен ауылда Абай өлеңдерімен қатар, Шәкәрім өлеңдерінің де тез тарауына себепкер болды. Абай өлеңдерінің әрбір жолындағы адамдық қағидалар Ақжан бойындағы азаматтық істі өркендетер өзекке айналып, сол кезден бастау алса керек. Ауыл мектебінің молдаларынан оқыған Ақжан 1924 ж. бір кезде Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев білім алған, Ахмет Байтұрсынов ұстаздық еткен бұрынғы қазақ-орыс мектебі, қазіргі педагогикалық техникумға оқуға түседі. Бұл педагогикалық техникумның негізін қазақ демократиялық ұлттық интеллигенциясы өкілдерінің бірі Әлімхан Ермеков қалаған. Осындай ұлы ұстаздардың жүріп өткен жері Ақжан Машановтың дүниетанымына, болашақ азамат ретінде қалыптасуына үлкен әсер етті. Ең соңында өзі де Алаш ардагерлерінің жолын жалғастыратын ізбасар болып қалыптасты [6; 4].

Ақжан Машановтың өмір сүрген уақыты мен ғылымға арнаған ғұмыры Кеңес өкіметінің салтанат құрып тұрған кезеңімен сәйкес келді. Кеңес елінде 20-жж. ортасында әбден күшіне мінген

катал әміршіл-әкімшілік жүйе 30–50-жж. бас кезінде өзінің шарықтау шыңына жетті. Адамның бас бостандығын тұншықтыру, оның құқығын есепке алмау, адамдарды өндіріс құралдарынан алыстату, мемлекетті басқару билігіне ықпал жасау саясатын қалыптастыру сияқты теріс құбылыстар оған толық дәрежеде тән еді. Даңғаз саяси айдар тағуды пайдаланған әртүрлі ұрандардың көлеңкесінде заңдылық бұзылып, өкімет билігі теріс қолданылып жатты. Қалыптасқан дәстүр бойынша партия органдарының басшылық рөлі олардың қоғам өмірінің барлық жақтарына тікелей, таза әміршіл-әкімшілік араласуы деп түсінілді. Мемлекеттік органдардың құзырына жататын мәселелерді шеше отырып, Коммунистік партия халық шаруашылығының әлеуметтік-мәдени міндеттерін орындауға мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарды барынша тартқанымен, осы арқылы оларды дербестігінен айырды.

Кеңес қоғамы дамуының соғыстан кейінгі жоспарлары демократияға қарсы, тоталитарлық сталиндік социализмнің үлесіне үйлесіп жатты. Бірақ қоғамдық өмірде бейбіт көңіл-күйдің қалыптасуына байланысты белгілі дәрежедегі құндылықтар қайта бағаланды. Адамдардың санасында әлеуметтік бағдарламаларға, демократияға бет бұру қажеттігін түсіну барған сайын айқын пісіп жетіле бастады. Қоғам мен партия-мемлекеттік басшылықтың әкімшіл-әміршілік бұйрық беру тәсілінің арасындағы өсе түскен қарама-қайшылықтары байқала бастады. Алайда қоғамдық сананың барлық дәрежесіндегі әлеуметтік және рухани жаңғырудың кешенді бағдарламаларына көшуге сірескен тоталитарлық қоғамдық-саяси құрылым кедергі жасады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 1999 ж. жарыққа шыққан «Тарих толқынында» еңбегіндегі тоталитарлық тәртіп пен ұлттық ұғымдар мәселесіне байланысты тарауда тоталитарлық қоғамға байланысты өз ойын былайша тұжырымдаған: «Ұлттық сипаттың барлық көріністері үшін тоталитаризм апатты болды. Жүздеген және мыңдаған жылдар бойындағы ұлттық тарих өрескел озбырлыққа душар болды. Небір кемеңгер билікшілері мен небір ғажайып өнерпаздары бар қазақ даласының нақты тарихы бүкіл дүниені түп-түгел қайта құрудың жаңа доктринасы шеңберінде түк құқы жоқ қайдағы бір «жабайы, тағылық» ретінде қайта жазылды. Ұлттық сананы қорлап, жер қылған осы содырлы нұсқадан біз әлі арыла алмай келеміз. Тоталитаризм ұлттық тарихтың қалың-қалың қабаттарына кереметтей бір зұлымдық әдісті қарсы қойды – ұлттың өткен тарихының біртұтас жанды тасқынын тап күресі дейтін мұқыл ұғыммен мылжалап тастады» [7; 227].

1940–1950-жж. басында социализм идеологиясы өзінің шырқау шыңына жетті. Міне, осындай күрделі жағдайда қоғамдық ғылымдар партия комитеттерінің қатаң бақылауымен дамыды. Әсіресе қоғамдық ғылымдардың мұнан арғы жағдайында БКП (б) Орталық Комитетінің «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы (1946 ж. 14 тамыз) Қаулысы теріс әсер етті, ол басқаша ойлайтын адамдарды қудалаудың жаңа науқанын ашып берді. Қазақстан партия комитеттері де өздерінің жұмысының негізін осы орталықтан алған Қаулының бағытымен жүргізді. 1947 ж. наурыздағы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті пленумының Қаулысында төменгі партия комитеттеріне: «Тарих жазудағы, әдебиет пен өнердегі саяси қателіктер мен ұлтшылдық бұрмалауларға қарсы большевиктік сынды кеңінен өрістетіп, БКП (б) Орталық Комитетінің идеологиялық мәселелер жөніндегі Қаулыларын сөзсіз орындау» жөнінде тапсырма тікелей жүктелді [8; 356].

Ленинград пен Мәскеуде «Ленинградтық іс, «Дәрігерлердің ісі» қолдан жасалып жатқан кезде Қазақстанда «Бекмаханов ісі» ұйымдастырылып жатты. 1950 ж. 26 желтоқсанда «Правда» газетіне Шойынбаев, Айдарова және Якуниннің «Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан баяндайық» деген қатал сын мақаласы жарияланды. Нәтижесінде Е.Бекмаханов 1951 ж. 15 мамырда «ірі саяси қателіктері үшін» ҚазМУ-ден КСРО тарихы кафедрасының профессорлығынан және партия қатарынан да шығарылды. 1952 ж. 4 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы Соты Е.Бекмахановқа «1942–1951 жылдар аралығында ұлтшылдық идеяларды уағыздап және антисоветтік үгіт жүргізгені үшін» деген жалған айып тағып, 25 жылға соттап, ГУЛАГ лагеріне айдады.

Бекмаханов тағлымы жеке басқа табыну дәуіріндегі ғылымда ойлау-зерттеу бостандығы болмағанын, тарих ғылымы тұмшаланып, өресіз бюрократтардың, күншіл ғалымсымақтардың саяси қолшоқпарына айналып, өз пікірін айтқан авторлар үшін қандай зауал тудырғанын айқын дәлелдейді. 1940–50-жж. тарих майданы, әдебиет майданы да тура саяси майданға айналып, талай дарынды ғалымдардың тағдырын трагедияға ұшыратты, еліміздің объективті тарихын жазуға тұсау болып, қажетсіз сыңаржақ «еңбектерге» жол ашты. Қазақ халқының ұлттық санасын тұмандандырды. Осылайша тарих ғылымы «халықтар достастығын» көлгерси дәріптеуші тоталитарлық қоғамның идеологиялық құралына айналып, өзінің ғылыми объективтік мәнінен айрылды. Ал осы

идеологиялық шеңберден шыққандар өз ішімізде ешбір ғылыми дәлелдеусіз-ақ партия-кеңес билеушілерінің қаулысымен немесе кеңес сотының бір жақты шешімі арқылы буржуазияшыл ұлтшыл ретінде қудаланып, жазаланып отырды.

1953 ж. «Правда» газетінде Қазақ Ғылым академиясының Президенті академик Қаныш Сәтпаевқа да қарсы пікірдегі мақала жарияланды. Онда «Қазақстан Ғылым академиясында Қ. Сәтпаев қолдайтын А.Машанов деген геолог өз ісімен айналысудың орнына қайдағы бір ескі кен орындарын зерделеумен әуре болып жүр», — деп сынайды. Кеңес өкіметінің басты газеті болып саналатын «Правданың» пікірі бұлтартпайтын айғақ болып саналатын еді. Қаныш Сәтпаевты алдымен Ғылым академиясының президенттігінен босатып, Геология ғылыми-зерттеу институтына жіберді. Енді келесі кезек оны «халық жауы» ету екендігіне ешкімде күмәнданбайтын еді. Әрине, қарап отырған адамды «халық жауы» ету үшін, алдымен, оның басына саяси кінә тағу науқанын бастау қажет еді. Оған Ақжан Машанов есімін сылтау етті. Сонымен қоса, ұлт мәселесін көтергендерді «ұлтшылдық пиғылда» деп, қара тізімге жазуға даяр тұрған тоталитарлық қоғамда Ақжан Машановта нысанаға алынған болатын. Бірақ артынша елдегі саяси жағдай күрт өзгеріп, Қаныш Сәтпаев Ғылым академиясы президенттігіне қайта барып, Ақжан Машанов мәселесі де ұмытылғандай болды. Әйтпесе «Правда» газеті сынынан кейін Ақжан Машанов мәселесінің немен бітерін ешкім де болжап біле алмас еді. Соғыстан кейінгі жылдары пісіп-жетіліп келе жатқан қоғамда өзгеріс қажет деген түсінікті әкімшілік жүйе идеологиялық және қудалау сипаттағы бырсыпыра шаралардың көмегімен шебер тұншықтырып тастады. Бірақ 40-жж. ортасындағы — 50-жж. басындағы рухани көңіл-күй зорлықпенен тұншықтырылғанымен, ол жойылмаған еді. Сондықтан халқымыздың біртуар ғұлама білімдары болған Ақжан Машанов тоталитарлық тәртіппен бетпе-бет келіп, ешбір сескенбестен қоғамдық ғылым саласындағы жұмысын зор кедергілерге қарамастан, табысты түрде жүргізе берді.

Қарастырылып отырған дәуірде қазақ халқының тарихы мен мәдениеті жаттанды идеологиялық құрсауда болды. Ұлттық проблемалардың бәрін тек интернационалдық тәрбиені жақсарту арқылы ғана шешуге болады деп пайымдады. Бұл бағыттағы тәрбие нақты өмірден алшақ жүргізілді. Мәдениетті дамытудағы табыстарға қарамай, рухани қайта түлету проблемасы көлеңкеде қалып қойды. Түрі ұлттық мәдениет, оқу мен тәрбие іс жүзінде аударма болды. Ақжан Машанов өз басын қатерге тігіп, әл Фарабидің шыққан тегін зерттеп, туып өскен жері бүгінгі қазақ жері екенін дәлелдеп, оның мұраларын түгендеп жүрген уақытта, ұлттық салт-санадан гөрі, кеңестік салт-сана көбірек дәріптелді. Ұлт тарихын жазуда, қоғамдық-саяси өмірде еуропацентризм басым болды. КСРО халықтары мен ұлттарының дамуындағы орыс мәдениетінің рөлін асыра бағалау үрдісі жүрді. Біздің тарихымыздың бөліп алуға болмайтын бөлігі болып табылатын көшпелілер өркениеті мен шығыс мәдениетінің бүкіл қабатын жауып тастап, адамдардың тарихи санасын жою үрдісі жүрді. Сондай-ақ еуропацентристердің және олардың сойылын соққан кеңестік насихат пен ғылымның көшпелілер тарихын саналы түрде кемсітіп, көшпелілерді бейғам, жалқау, ынта-жігерсіз, жартылай жабайы тірлік құрушы халық етіп көрсетуі қазақтың ұлттық сана-сезімін күйретіп-құртатын сипатта болды. 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгінің бәрін ұмытуға табандылықпен мәжбүрленді. Бұған, керісінше, кеңес дәуірінің тарихы барынша әспеттеліп баяндалды. Ресми ұйымдар мен насихат қазақ халқының нағыз тарихы тек 1917 жылдан басталды деп жұрттың бәріне тықпалап, солай ойлауға көндірді. Кеңес өкіметі ғалымдар арасындағы ой-пікір бостандығына барынша тыйым салып отырды. Партиялық-мемлекеттік құрылымның идеологияландырылған саясаты жоғары оқу орындарындағы білім беру үрдісіне орасан зор зиянын тигізді. Ғалымдарды, қоғамдық ғылымдар қызметкерлерін қудалау мен жазалау шаралары 1920-шы жж. басталып, Сталин өлгенге дейін жүргізілді. Мұнан кейін де жоғарғы оқу орындарының өмірі партиялық және таптық қағидалар негізінде құрылды. Сондықтан университеттердің, институттардың сыртқы халықаралық ғылыми байланыстары символикалық сипатта ғана болды. Көптеген оқу бағдарламаларының, көмекші құралдар мен оқулықтардың мазмұны өзіндік шығармашылықпен ойлауды қалыптастыруға, ғылымның техника мен технологияның жаңа жетістіктерін зерттеп білуге бағытталмаған еді. Мәселен, Ақжан Машановтың техника саласындағы негізгі мамандығы – геолог. Әрі ол геомеханика ғылымының негізін салушы болып есептеледі. Ал Ақжан Машановтың бұл саладағы еңбегі дүниежүзіне кеңінен танылса да, мәскеулік ғалымдар бұл жаңалықты қабылдамады. Бұл жөнінде 1960-жж. кезінде мәскеу ғалымдары шу да көтерді. Тіпті Социалистік Еңбек Ері, академик Петров «Правда» газетіне арнайы мақала жазып, Ақжан Машановтың ашқан ғылыми жаңалығын теріске шығаруға тырысты. Кезінде оны қазақстан ғылымдары да құптаған еді. Ал қазір Ақжан Машановтың Пуассон коэффициентінің тау қысымын зерттеудегі қолданысы туралы мұндай теориясының дұрыстығын өмірдің өзі дәлелдеп

отыр. Бүгінгі күнде Ақжан Машанов негізін қалаған «Геомеханика» ғылымын барлық ғылым әлемі мойындады. Сонымен қоса 1973 ж. жалпы көлемі 15 табақтай «Аль-Фараби и современная наука» деген автордың еңбегі әл Фарабидің 1100 жылдығы қарсаңында баспаға дайындалып қойса да, шығарылмай тасталды. Тоталитарлық қоғамның адамның еркін ойлауына, ұлттық тарихын зерттеуге қаншалықты тосқауылы болса да, Ақжан Машанов әл Фараби мұрасын зерттеп қазақтың тарихы мен мәдениетін мың жылға алға жылжытты [4; 228].

Ақжан Машанов қазақ жерінің көне металлургиясын өте жақсы білген. Кеңес дәуірінде тарихшылар тау-кен саласындағы қазақтардың білімі туралы жақ ашқан емес. Қазақ жерін зерттеушілердің еңбектерінде «Ертеде кен қазып, металл қорытқан қазақтар емес, басқа бір келімсек, мәдениетті адамдар болуы керек» деген жалған ғылыми түсінік болған. Ал, шындығында, қазақтар кен қазып, металл балқытқан, минерал қасиетін таныған еді. Жер бетін өлшеп, кен қазып, металл қорыту — осылардың барлығына негіз салған әл Хорезми, әл Фараби, әл Бируни сияқты ғалымдардың еңбегін Ақжан Машанов зерттеп, бүгінгі күнде бізге жеткізді.

1958 ж. әл Фараби жайлы мағлұматтар жинау үшін Түркістан қаласына келген Ақжан Машанов сол кездегі көзбен көрген адам сенгісіз көрінісін былайша бейнелейді: «Түркістан қаласына келіп, сол жерді жақсы білетін Хамит деген бір ақсақалды ертіп алып, осы мекендерді араладым. Дүние жүзіне аты шыққан Қожа Ахмет мавзолейі жан ашырлық қалыпта екен: іші де, сырты да бұрқырап жатқан топырақ, ішіндегі заттардың көбісі бұрыш-бұрышқа үйіліп қойылған. Әсіресе қазақ халқының ардақты адамдарының басына қойылған сым тастар қалай болса солай, диірмен тасы сияқты аяқ астында домалап жатыр. Оған мән берген, оны танитын ешбір жан жоқ. Атақты тайқазанды Ленинград Эрмитажына алып кеткен. Отырарға келіп, үйінді төбелерді аралап, Арыстанбаб мавзолейін суретке түсіріп алғашқы рет жариялағанымда Хамит ақсақал көзіне жас алып, былай деді: «Керемет ескерткіш, халқымыздың көне көзі ғой... Иесіз аяқ асты болып барады. Отырарға әлі талай ораларсыңдар. Бұл киелі жер. Мұның астында ғажайып сырлар жатыр», — деді [9; 15, 16].

Қазақстан жерінен әл Фарабидің ешбір ізін таба алмаған Ақжан Машанов ұлы ғұламаның мұраларын іздеп, Ташкент, Мәскеу, Ленинград, Уфаның көне еңбектер сақтайтын мұрағаттарын аралап, ғалымның екінші Отаны болған Таяу Шығысқа барып ғұлама ғалымның Сириядағы қабіріне зиярат етуге, көзімен көруге бел буады.

1968 жылдың 19 қыркүйегінде КСРО туристерінің құрамында Ақжан Машанов Сирия жеріне аяқ басады. Сириядағы Кеңес елшілігінің көмегімен Шығыстың белгілі адамдарына арналған, яғни тек патшалар, пайғамбар нәсілдері, халифа ұрпақтары, әмірлер немесе солардың ұстаздары ғана жататын Баб ас-сағир зиратынан Ақжан Машанов Әбу Насыр әл Фарабидің қабірін тауып басына зиярат етіп, құран бағыштайды. Қабіріне бас иіп тұрып, «О, Ұлы бабам, араға ғасырлар өтіп, тағы бір ұрпағың келіп тұр, қабыл ал дұғамды деп күбірледім», — дейді [9; 40].

Ақжан Машанов әл Фарабидің қабірін суретке түсіріп алады. Бұл 1968 жылдың 23 қыркүйегі күні болған айтулы оқиғаның Ақжан Машанов үшін ғана емес, бүкіл қазақ халқы үшін тарихи маңызы бар еді.

Соған қарамастан, әл Фарабиді қазаққа таныта бастаған 1960-жж. өзінде зиялы дейтін қазақ қауымының «Ақжан мына сәлде оранған молла қазақ деймісің, егер қазақ болса, руы кім», — деп үрке қараушылар көп болатын. Біздегі ұлттық патриоттық сезімдер көбінесе жаттанды болып келеді. Міне, осы жасандылықты шебер меңгергендер шынайы ел, жер, ұлт, қамын ойлаушы патриот адамдардан әлдеқайда көп, осы көптігімен өзге пікір айтушыларды тұқыртып отырады. Мұндай топқа жататындар кезегі келгенде кезінде халыққа қарсы жасаған зиянды әрекеттерін заманға жауып, өздерін ақтап алып отырды. Ендеше, сол зиялыларымызға мұндай зерттеудің коммунизмнің жарқын болашағына сенген қоғамға зиянды екенін дәлелдеу қиынға соқпайтын. Бұл Ақжан Машановқа ғана жасалған қысым емес еді. Ол әл Фарабиге де қарсы бағытталды. Себебі мерейтой өтісімен фарабитану ісінің салмағы Ташкентке бағытталып, қазақ жерінде басталған жұмыстың дамытылмауы осыған дәлел болса керек. Сол халықаралық конференция қабылдаған шешімдердің бірде бірінің орындалмауы, оны орындатудың ойластырылмауы коммунистік биліктің қазақ жерінен фарабитануды біржолата аластату саясатының түбегейлі мақсаты еді. «Бөліп ал да, билей бер» қағидасын берік ұстанған Кеңестік билік әл Фарабидің қазақ халқына тиісті екенін мойындай тұрып, бірақ оның мұраларын зерттеу салмағын Ташкентке қарай аударуы, сол туысқан түркі халықтарының арасын ушықтырып отыру тәрізді жымысқы саясатының тәсілі болатын. 1975 ж. Қазақ политехникалық институтының профессоры Республика Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, маркшейдер кафедрасының меңгерушісі Ақжан Машановтың үстінен Қазақстан

Компартиясының Орталық Комитетінің Үгіт және насихат бөліміне арыз түсті. Онда: «Ақжан Машанов өзі коммунист, әрі үлкен ғалым, лауазым иесі бола тұра, соған қарамай, жұма сайын мешітке барады екен, үйінде айт кезінде ауызашар береді», — деп көрсетілді. Ақжан Машановтың тағдыры тағы да қыл үстіне келген болатын. Сол кездегі Қазақстанды басқарып тұрған Д.А. Қонаевтың тікелей араласуымен Ақжан Машановтың соңынан шырақ алып түскендердің жолы кесілді.

Ақжан Машанов кеңестік Қазақстанда өмір сүріп, тоталитарлық қоғамның күші шырқау шегіне жетіп тұрған уақыттың өзінде де еліміздің маңызды қоғамдық-саяси мәселелеріне келгенде болып жатқан оқиғаларға сергек қарап, шығыс елдерімен араласуды батыл түрде, жасқанбай көтеріп, қоғамдық пікір туғызып жүрді. Ақжан Машановтың әл-Фараби мұраларын зерттей жүріп, мұсылман елдерімен мәдени-рухани байланыс орнатуға деген ұмтылысы зор болды. Әл-Фарабидің шығармаларын түпнұсқадан оқып біліп, жалпы халыққа насихаттау үшін жасы елуден асып кетсе де, араб тілін меңгеруге шындап ден қойды. Оның мұсылман елдеріндегі болып жатқан оқиғаларды қалт жібермей бақылап отырғанын біз 1983 ж. Кувейттен келген журналистпен арнайы жолықанынан көзжеткіземіз.

1983 ж. Кувейт мемлекетінің «Аль-Фараби» ғылыми журналының тілшісі Мұстафа Набил Алматы қаласына туристік сапармен келеді. Осыны естіген Ақжан Машанов шетелдік журналист Мұстафа Набилді тауып, кездеседі. Ол кездесу 1983 жылдың қыркүйек айында болады. Бұл уақыт әлемнің милитаристік державасы ретінде танылған Кеңес Одағының мәңгілік деп саналған заманы болатын. Шетелдік қонақтарды, туристерді МҚК (КГБ) қызметкерлері қатаң бақылауға алып, олардың жүріс-тұрыстарын, жергілікті кеңес адамдарымен кездесуін жіті қадағалап отыратын уақыт еді. Қарапайым кеңес адамдарының барлығына да түсінікті осындай шектеулердің Ақжан Машановтың білмей қалуы мүмкін емес еді. Бірақ өз ісіне шын берілген фанатик, патриот-ғалым тәуекелге барып, Кувейттен жарық көретін «Аль-Фараби» ғылыми журналының тілшісі Мұстафа Набилмен кездеседі. Ондағы мақсаты әл-Фарабидің есімін иеленіп тұрған мерзімдік баспасөз арқылы әлемге Қазақ деген елдің барлығын және осы елдің әл-Фарабидің отаны екенін дүние жүзіне паш ету болатын.

Бұл күтпеген кездесуге басында сенімсіз күдікпен қараған шетелдік журналист таң қалысын жасырып қала алмады. Журнал тілшісі осы күтпеген оқиғаны әл-Фарабимен кездесумен тең санайды. «Ол кездесу Кеңестер Одағындағы мұсылман әлеміндегі ең әсерлі, ғұмырымда ұмытпайтын кездесуім болды», — деп жазыпты журналдағы мақалада Мұстафа Набил. Еліне барған соң уәдесінде тұрып, қазақ ғалымы Ақжан Машановпен әсерлі кездесуі жайында «Аль-Фараби» журналында арнайы мақала жариялады. Мұның өзі сол уақытта коммунистік билік кезеңде қандай қауіпті екенін пайымдау қиын емес еді [10; 2].

Академик Салық Зиманов 1996 ж. Ақжан Машановтың 90 жылдық мерейтойында ғұламаның қайраткерлігі мен тұлғалық қасиеті жөнінде: «Мен 1948 жылдан Республика Ғылым академиясында табан аудармай қызмет істеп келе жатқан екі ғалым болса, соның бірімін, ал жалқы болса соның өзімін. Сондықтан Академияда әл-Фараби мұрасы жайлы Қазақстан ғалымдары ішінен алғаш мәселе көтерген Ақжан Жаксыбекұлы екендігіне толық кепілдік бере аламын және баба мұрасын игеруге жарты ғасырдан астам ғұмырын бағыштап, өнебойы табандылық көрсетті. 60-жж. аяғына таман әл-Фарабиге арналған академиялық ғылыми кеңесте әл-Фараби бабамыздың қайтып оралуы — ұлы жаңалық. Бұл біз үшін ядролық физика ғылымдағы жаңалығындай», — деп едім деп естелік мағлұмат берген еді [5; 315].

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне қарайтын Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі Ақжан әл-Машанидің қоғамдық-саяси және ғылыми қызметіне былайша баға береді: «Ақжан әл-Машани ғұлама ғалым ғана емес, ол белгілі қоғам қайраткері болды. 1980 жж. аяғында «Қазақстанда шығыстану мамандары керек пе, әлде жоқ па?» деген пікірталастардың қызып тұрған кезінде, ол бұл мәселенің болашағы зор екенін және оның мән-маңызы қақында радио, теледидардан батыл үн қосып, қоғамдық пікір қалыптастыруда өлшеусіз үлкен үлес қоса білді. 1989 ж. Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-де шығыстану факультетін ашуға сол кездегі университет басшылары қарсылық білдіргенде Ақжан әл-Машани осы оқу ордасының ғылыми мәжілісіне арнайы келіп, мәселенің оң шешілуіне игі ықпалын жасады. Араб, парсы тілін білген зиялыларымыз 30-жж. сталиндік жаппай қуғын-сүргіннің құрбаны болып кеткеннен кейін әдебиет пен мәдениеттің қайнар бастауының бір саласы мұсылман шығыс елдерімен де тығыз

байланыста болу жөнінде де батыл үн көтерген абзал азамат Ақжан әл Машани еді. Ұлтының болашағы үшін кездескен, кедергілерге қарамай, фанатикалық іс-әрекетінің нәтижесінде Шығыс Аристотелі атанған әл Фараби бабамыздың өшпес мұрасы араб мәдениетінің тарихына еніп кеткеніне қарамастан, оның қазақ даласының ұланы екенін дәлелдеп, әл Фараби туралы тарихи танымы зор еңбектер жазып, қалғып кеткен рухымызды дүр сілкіндіріп оятып жіберді» — деп әділ бағасын берді [11; 13].

Қазақ халқының партизан жазушысы Халық Қаһарманы Қасым Қайсенов Ақжан Машанов жөнінде мынадай пікір айтқан: «Меніңше, Ақжан ағамыз — заманымыздың нағыз батыры. Бес қаруын асынып, елін, жерін жаудан қорғап қалған ерді батыр дейміз. Ал рухани дағдарысқа қарсы, мәмлесіз идеология майданында досыңды да жау еткен «қасірет империясы» кезінде көшпенді елде мәдениет те жоқ, ғылым да жоқ деген идеологияның шаңырағын шайқалтқан Ақжан Машанов болды. Дүниежүзілік екінші ұстаз әл Фарабиді Тұран тумасы, Отырарда кіндік қаны тамған, Қыпшақ ұланы деп қазақтың ұлы бабасы екендігін дәлелдеуі – ұлты үшін идеология майданында өзін-өзі оққа ашық байлаған батырлығы», — деген болатын [12; 5].

Теолог-ғалым Халифа Алтай Ақжан Машановқа қатысты өз ойын былайша тұжырымдаған: «Мен Ақжан ағамен сонау 80-жылдардан таныспын. Елге келген соң көрші тұрдық. Ол кісінің ғылыми ислами негізіне жүйрік болуы әл Фараби мұрасын игеруден ғой деп ойлаймын. Құран Кәрімнің ғылымылығын, бүгінгі ғылым жетістіктерімен ұштастыра отырып, түркі дүниесімен, қазақ дүниетанымымен сабақтастыра ой толғауы мен үшін Қасиетті кітаптың көптеген жаңа ғылыми мұрасын ұғынуға түрткі болды. Ақжан Машанов тек қазақ ұлты үшін емес, бүкіл түркі жұрты, мұсылман дініндегі елдерде де өзіндік орын алатындай тұлға, ғұлама деп білемін», — деген еді [13; 3].

1986 жылғы қазақ жастарының тәуелсіздік идеясымен алаңға шыққан Желтоқсан көтерілісінің куәгері болған Ақжан Машанов жоғары билік тарапынан жасалған қиянатқа қатты күйзелді. Автор Т.Жұрын Алматыда өткен «Шығыс ғұламаларының ғылыми-техникалық, руханияттық құндылықтары және А.Машани» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысқан кезінде бұл жөнінде өзіндік пікірін білдіріп, ғалымның қоғамдық қызметінің жаңа қырын көрсетеді. А.Машановтың Қазақстанды басқарып тұрған Г.Колбин туралы мынадай пікір айтқанын көрсетеді: «Зымиян халықты алдап, мойындағы қанды жумақ. Жазықсыз жастар қыршыннан қиылды, қан төгіс қырғын болды. Марксизм-ленинизм шайтанның жолы, солардың идеясын ұстанғандар, халықты арандатты. Ұрпағына Гитлердің қиянатын қайталаған қандай мемлекет. Жастардың еркіндікті аңсап, сөз бостандығын көкsep, бейбітшілік жолмен шеруге шығулары — алдағы күнге сенгендігі. Алаш азаматтары Әлихан, Ахмет, Шәкәрімдердің бостандықты аңсаған күшінің қуаты. Жастарды нақақтан нақақ хайуандықпен қорлады. Соның бәрін көз көрді. Ақыры оңбас. Алланың қаһарына ұшырары хак», — деп тарих алдында өз үкімін айтып кетті [14; 243].

Бірақ жалтақтыққа тәрбиеленген ел ағалары, зиялы қауым кезінде Желтоқсан көтерілісінің шындығын айтуға да дәрменсіздік танытып, оны ыңғайға қарай бұрмалап, биліктің қас қабағына қарап жазды.

Соған қарамай, Ақжан Машанов тоталитарлық жүйенің коммунистік идеологияның қыспағына қарамай, өз ұстанымын берік сақтады. Ғылым мен діннің дүниетанымдығы тұтастығын көре білді. Діні жоқ елдің ертеңі болмайтынын, дінсіз қоғам, мемлекет болмайтынын үнемі насихаттаумен болды. Ұлы ұстаздың көрегендігі сондай ол күндердің күнінде әлемнің алтыдан бір бөлігіне үстемдік жүргізіп билеп төстеп отырған «Қасірет империясы» атанған Кеңес Одағының ыдырап құлайтынын сезе білген. Оған дәлел өзінің шәкірті бүгінгі күнде Д.А. Қонаев атындағы университеттің профессоры Ә.Д. Бектібаевтың Ақжан Машановқа мынадай сұрақ қойғаны дәлел бола алады. Ә.Д. Бектібаев өзінің ұстазы А.Ж. Машановқа: «Сіз өз мамандығыңыздан басқа, «Орысша-қазақша терминологиялық сөздік жаздыңыз, өткен жолы, араб елдерінен бірсыпыра сөздік әкелдіңіз. Ал заман ағысы болса қазақ тілінің қолданыс аясы күн санап тарылып, орыс тіліне ауысу үрдісін аңғартады. Сонда осы жұмысқа кететін уақытқа қынжылмайсыз ба?», — деп қойған сұрағына Ақжан Машанов былай деп жауап берген: «Жоқ, қынжылмаймын. Тарихта керемет оқиғалар бола береді. Сондықтан бұл үрдістің де кері серпілісінің болуы ғажап емес» [14; 145], — деген. Ал бүгінгі таңда бізді ұстаздың болашаққа сенімділігі қайран қалдырады. Айтқаны келді. Ғасырлардың тоғысында еліміз тәуелсіздік алып, қазақ халқы әлемдік қауымдастықтың белді ойыншысы болып отыр.

Партиялық-мемлекеттік құрылымының практикалық қызметінің негізгі жүргізген идеологиялық бағыты 1970–80 жж. да бұрынғысынша ұлтшылдыққа, жершілдік көріністеріне және патриархалдық құрылысты дәріптеуге қарсы күрес болды. Басқаша ойлаудың барлық түрі қудаланды. Жүйенің

идеологиясы мен жаттанды догмаларына сай келмеген өз көзқарастарын әдебиет пен өнер шығармаларына бейнелеген қазақ интеллигенттерінің танымал өкілдерін қудалау жалғастырылды. Мысалы, ақын Олжас Сүлейменовтың «Аз и Я» атты еңбегі де кеңестік жүйенің жөнсіз қатал сынына ұшырады. Олжас Сүлейменовтың қарсыластары «Молодая гвардия», «Москва», «Звезда» және басқада журналдардағы мақалаларында кітаптың идеологиялық бағыты мен мақсатына сенімсіздік білдірді. Бірсыпыра жариялымдарда ол ұлтшылдық, пантюркистік және орысқа қарсы бағытталған деп тікелей жазылды.

Соған қарамастан, Ақжан Машановтың түркі дүниесімен қазақтың дүниетанымдығын сабақтастыра ой толғауы оның аса зор білімге ие екендігін көрсетеді. Ғылымға арнаған бүкіл өміріндегі көзқарасы мен зерттеулері ислам дінімен тығыз байланыста болды. Қызыл империяның зұлмат идеологиясы елдің бәрін діннен бездіріп, атеистік рух асқақтап тұрған кезде мешітке келіп намаз оқып, басқа да мұсылмандық парызын бұлжытпай орындағаны сол уақыт үшін аса қауіпті болатын.

Қорыта келгенде, Ақжан Машановтың әл-Фарабиді кіндік қаны тамған топырағына жеткізуі ол кісінің ұлтшылдығының бір ғана көрінісі екендігіне көзжеткіземіз. Ол өзінің қазақ халқын ерекше сүйді, өз халқына еңбек сіңіру оның ең басты ұстанымы болды. Әл-Фарабиді ашудың қиындығына қарамай, бел бууы, ұрпағымен табыстыруы — осының дәлелі. Сонымен қатар ғылым тарихындағы, тіл, мәдениет жөнінде теріс ұғым қалыптастыруға үзілді-кесілді қарсы шыққан хас батыр деуге де болады. «Ислам» деген ұғымды үш тарауға бөліп қараған, олар: ислам мәдениеті, ислам ғылымы, ислам діні. Осылардың ішінде түркі ғалымдарының ғылымға қосқан үлесі ең үлкен екенін үнемі насихаттаумен болды. Ислам ғылымын дамытушылардың ішінде әл-Фарабидің еңбегі ең үздігі екенін есте сақтау керектігін уағыздады. Ақжан Машанов әл-Фараби мұраларына ғылыми көзқарас тұрғысынан қарап, астрономия, табиғат, музыка саласындағы ғылымдар әл-Фарабидің еңбектерінен бастау алады деген пікір айтады. Қарап отырсақ, автор өз заманының қатал тәртібіне, тоталитарлық режимнің зобалаң сипатына қарамастан, туындалған қиыншылықтардан қорықпай, өз халқының болашағы үшін өз өмірін тағдыр тәлкегіне салып, аянбай тер төккенін көреміз. Соның салдарынан 1946 ж. өзі тұңғыш құрылтайшыларының бірі болып құрған қазақ Ғылым академиясынан өзіне тиеселі орынды ала алмай, өмірінің соңына дейін корреспондент мүшесі ретінде ғана қалып қоюы — осының бір көрінісі де деп ойлаймыз. Сондықтан өз халқымыздың Ақжан Машанов секілді ұлағатты ойшылын дәріптеп, оның қоғамдық қызметіне объективті түрде баға беру бүгінгі күндегі тарих ғылымының алдындағы өз орны бар маңызды міндеттерінің бірі деп есептейміз.

Ұлы ғұлама тірі кезінде-ақ өзінің замандастары тарапынан бүгінгі күннің Фарабиі деп аталынды. Ол атауға әбден лайық екенін өмірінің соңына дейін қолынан қаламы түспей халқына рухани тұрғыдан қызмет жасағаны дәлел болса керек. Геолог, философ, маркшейдерлік, жазушылық, діни қайраткерлік, тарихшылық — мұның бәрі осындай ұлы адамдарға ғана тән қасиет болса керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 ҚРОММ. — 2285-қ. — 1-тіз. — 118-іс.
- 2 ҚРОММ. — 2285-қ. — 1-тіз. — 115-іс.
- 3 ҚРОММ. — 2285-қ. — 1-тіз. — 76-іс.
- 4 Әбдіраман Ш. Ақжан әл-Машани / Ш. Әбдіраман. — Алматы: Қазақстан, 2007. — 397 б.
- 5 Әбдіраман Ш. Фараби — ғибратты ғалым / Ш. Әбдіраман. — Алматы, 2006. — 392 б.
- 6 Әбдіраман Ш. Дегдар / Ш. Әбдіраман // Егемен Қазақстан. — 2005. — 2 қар.
- 7 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында / Н.Ә. Назарбаев. — Алматы: Атамұра, 1999. — 293 б.
- 8 Қазақстан тарихы. Очерктер. — Алматы: Дәуір, 1994. — 446 б.
- 9 Машанов А. Әл-Фараби және Абай / А. Машанов. — Алматы: Қазақстан, 1994. — 192 б.
- 10 ҚРОММ. — 2285-қ. — 1-тіз. — 238-іс.
- 11 Дербісәлиев Ә. Өнегелі ғұмыр / Ә. Дербісәлиев // Қазақ әдебиеті. — 1996. — 17 қырк. — № 38.
- 12 Ғұлама ғалым Ақжан Машанидің 100 жылдығын қалай атап өтеміз? Дөңгелек стол материалдары // Қазақ әдебиеті. — 2003. — № 14.
- 13 Төлеубаев Е. Ақжан Машани және қазақ дүниетанымы / Е. Төлеубаев // Орталық Қазақстан. — 2006. — 15 маус.
- 14 Ақжан әл-Машани. Көптомдық шығармалар жинағы. — 7-т. Ақжан Машани ғибраты. — Алматы: «Алатау» баспасы, 2007. — 266 б.

М.С. Амрина, Н.Б. Смагулов

Научное и духовное наследие Акжана Машанова

Авторы статьи пытаются объективно оценить социально-научную деятельность Акжана Машанова в условиях тоталитарного режима. Дается историческая оценка деятельности выдающегося казахского ученого, который боролся за будущее своего народа, несмотря на трудные времена. В годы тоталитарной власти Советского Казахстана Акжан Машанов, наблюдая за социально-политическими проблемами страны, смело отстаивал свою точку зрения. В рассматриваемый период история и культура казахского народа находились в «плелу» зазубренной идеологической системы. В годы, когда Акжан Машанов, рискуя, изучал жизнь и творчество аль-Фараби, он доказал, что родной землей ученого является современная казахская земля. В то время национальные ценности пропагандировались меньше, чем советская идеология, но Акжан Машанов занимался исследованием научного наследия аль-Фараби и возвратил его культурному наследию казахского народа. Авторы подчеркивают, что служить своему народу для А.Машанова было главным жизненным принципом. Он доказал, что истоками культуры и науки Казахстана явились труды аль-Фараби. Этим самым имя великого ученого было навечно внесено в историю науки Республики Казахстан. Выделяя достоинства наследия А. Машанова, авторы статьи отмечают, что, несмотря на жесткую тоталитарную систему, он изучал запретные темы. Вклад Акжана Машанова в отечественную историографию не оценим и требует нового пересмотра и переосмысления.

Ключевые слова: Коммунистическая партия, Советский Союз, тоталитарный, в потоке истории, Ленинградское дело, «дело докторов», Акжан Машанов, Аль-Фараби, Каныш Сатпаев, сталинский социализм, командно-административный.

M.S. Amrina, N.B. Smagulov

Akzhan Mashanov's scientific and spiritual heritage

Authors of the article try to objectively evaluate the social-scientific activity of Akzhan Mashanov in the conditions of totalitarian regime. The authors give a historic assessment of the activities of the Kazakh scientist who struggled for the future of his people, despite difficult times. Akzhan Mashanov, who lived in Soviet Kazakhstan, was watching the events taking place in the country's major socio-political issues even when the power of the totalitarian society was at its peak, and he was able to defend his point of view. In the period under review the history and culture of the Kazakh people were ideologically trained. When Soviet-style ideology was more prominent than national values, Akzhan Mashanov risked his head and studied al-Farabi's treasury and proved that his native land was a modern Kazakh land. Akzhan Mashanov studied the scientific heritage of al-Farabi and returned it to the cultural heritage of the Kazakh people. The main principle of life for A.Mashanov was to serve his nation. He proved that the works of Al-Farabi were the origin of Kazakhstan's culture and science. There by, name of this great scientist was forever included into the history of science of the Republic of Kazakhstan. The authors of the article emphasize that despite the rigid totalitarian system, risking his life, Akzhan Mashanov studied forbidden topics. His contribution is priceless and requires a new revision and redefining in domestic historiography.

Keywords: Communist Party, Soviet Union, totalitarian, In the stream of history, Leningrad affair, Doctors' plot, Akzhan Mashanov, Al-Farabi, Kanysh Satpayev, Stalin's socialism, command-administrative.

References

- 1 QROMM, 2285-or, 1-tizim. 118-is [in Kazakh].
- 2 QROMM, 2285-or, 1-tizim. 115-is [in Kazakh].
- 3 QROMM, 2285-or, 1-tizim. 76-is [in Kazakh].
- 4 Abdiraman, Sh. (2007). *Aqzhan al-Mashani [Aqzhan al-Mashani]*. Almaty: Kazakhstan [in Kazakh].
- 5 Abdiraman, Sh. (2006). *Farabi — hibratty halam [Farabi is scientist]*. Almaty [in Kazakh].
- 6 Abdiraman, Sh. (2005). *Dehdar [Degdar]*. Almaty [in Kazakh].
- 7 Nazarbaev, N.A. (1999). *Tarikh tolkynynda [Tarih tolkynynda]*. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 8 Kazakstan tarikh. Ocherkter (1994). [History of Kazakhstan. Essays]. Almaty: Daur [in Kazakh].
- 9 Mashanov, A. (1994). *Al Farabi zhane Abai [Al Farabi and Abai]*. Almaty: Kazakhstan [in Kazakh].
- 10 QROMM, 2285-or, 1-tizim. 238-is [in Kazakh].
- 11 Derbisaliev, A. (1996). Oneheli humyr [Moral life]. *Kazak adebiyeti – Kazakh literature*, 38. Almaty [in Kazakh].